


Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Тарих кафедрасы



ТАРИХ КАФЕДРАСЫНЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Кафедра менгерушісі, т.ғ.к., доцент

 Г.Ж.Примкулова
 « 28 » 12 2024 ж.

1. Тәрбие жұмысын үйімдастыру және білімгерлердің топтардағы тәрбие жұмыстары

Болашақ мамандарды даярлауда тәрбиелік ықпалдардың жүйелі, бірізді, кешенді болуын қамтамасыз ету тәлімгерлер әрекетінің негізгі бір бөлігі болғандықтан топ Эдвайзерлері топтарға тағайындалып, оқу жылына арналған тәрбие жұмыстарын бекітті.

02.09.2024 ж. кафедраның №1 хаттамасы.

Академиялық топ тәлімгері білімгерлер үжымындағы барлық оқу-тәрбие жұмысын үйімдастырушы болып табылады. Сонымен бірге ол білімгерлер үжымының қалыптасуын зерттейді және топтағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға жағдай жасайды, тәрбие әдістерін тиімді қолдана отырып, іс-шаралар өткізуіндік жаңа формаларын қарастырады, білімгерлердің түрлі қоғамдық-саяси, мәдени әрекеттерге үмтүлүсін тәрбиелейді, ата-аналармен байланыс орнатады.

Аталған журнал тәлімгердің еңбегін ғылыми-әдістемелік түрғыда үйімдастыруға бағытталған және оқу-тәрбие процесінде білімгерлердің белсенділігі жөніндегі мәліметтерді бейнелеуге арналған жұмыс құжаты болып есептеледі. Мұнда білімгерлердің оқу мерзімінің барысындағы оқу, қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту әрекеттерінің барлық түрлері қарастырылады. Тәлімгер журналын топ тәлімгері жүргізеді, оқу жылының соңында тәрбие және әлеуметтік істер бөліміне тапсырады.

2024-2025 оқу жылында кафедраға қарасты мамандықтар бойынша төмендегі кестедегідей топ тәлімгерлері тағайындалып бекітілді. 02.09.2024 ж. факультет №1 хаттамасы.

Эдвайзерлер тізімі

№	Эдвайзер аты-жөні	Тобы	Студент саны
1	Б.Сиздиков PhD, доцент	TTA-411	30
2	Ш.Нурманова аға оқытушы	TTA-311	34
3	Н.Каттабекова т.ғ.к., доцент м.а.	TTA-211, TTX-211	38
4	М.Гурсой PhD, доцент	TTA-111, TTX-111	24

2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмыстарының

ЖОСПАРЫ

№	Атқарылатын іс-шараның атауы	Откізу формасы	Мерзімі	Жауаптылар
I. ҰЛТТЫҚ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ				
1.1	30 тамыз Конституция күніне және 1-қыркүйек Білім күніне арналған іс шара	Мәдениет сарайы, үлкен зал құттықтау, кездесу	Қыркүйек 2024 ж.	Кафедра менгерушілері, топ эдвайзері, декан орынбасары
1.2	2024-2025 оқу жылының топтағы тәрбие жұмысының жоспарын талдау және бекіту	Үйімдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2024ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
1.3	Топтағы студенттердің жатақханаға орналасу ережесіне сай жақатханаға орналасуын қадағалау және жатақхана регламентіне сай барлық талаптарды орындаудың түсіндіру, пәтерде тұратын студенттердің толық мекенжайын алу	Үйімдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2024ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
1.4	Студенттік өзін өзі басқару жұмысы бойынша белсенді	Үйімдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2024ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері

	студенттер құрамын және жұмыс жоспарын бекіту.			
1.5	Студенттік өзін өзі басқару жұмысы бойынша белсенді студенттердің жұмыстарын қадағалау	Бақылау	Жүйелі түрде	Топ әдвайзері
1.6	Тәрбие жұмысын дамыту және жетілдіру шараларын ұйымдастыру және қатысу (семинарлар, дәңгелек үстелдер, конференциялар және т.б.) Жыл бойы	Ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2024ж.	Топ әдвайзері, Топ студенттері
1.7	Патриоттық тәрбие беру моделін іске асыру мақсатында тәлімгерлер сағаттарын өткізу	Тәрбие сағаттары	Кварталына 2 рет	Топ әдвайзері, Топ студенттері

II. АЗАМАТТЫҚ – ҚҰҚЫҚТАҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ

2.1	«Құқықтақ тәрбие негіздері» тақырыбы бойынша жастар арасындағы тәртіп мәселесіне байланысты, студенттің құқықтары мен міндеттері, тәртіп бұзушылық және ол үшін жауапкершілік шараларын түсіндіру, шетелдік студенттердің Қазақстанда жүріп тұру ережелерін түсіндіру мақсатында заң органдары қызметкерлерімен кездесу	Дәңгелек үстел	Қазан 2024 ж	Топ әдвайзері, Топ студенттері
2.2	№1,2,3 жатақханадағы факультет студенттерімен мәдени іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастыру	Дәңгелек үстел	Қазан 2024 ж. Сәуір 2025 ж.	Студенттік деканат құрамы, топтың белсенді студенттері
2.3	Факультет деканымен ұдайы кездесулер ұйымдастыру, №1,2,3 Жатақханаларды аралau, студенттердің тұрмыс-тіршілігін қадағалау	Бақылау	Айна 1 рет	Топ әдвайзері, Топ басшысы

III. РУХАНИ, АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ

3.1	Руханият бастауы көркем эстетикалық тәрбие. Мінез құлық қалыптастыру.	Дәңгелек үстел Пікір талас	Қазан 2024ж	Топ әдвайзері, Топ студенттері
3.2	Халықаралық студенттер күніне орай «Ұлағатты ұрпақ» тақырыбындағы семинар өткізу.	Семинар	Қараша 2024ж	Топ әдвайзері, Топ студенттері

IV. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТЫ ӨМІР САЛТЫ

4.1	Нашақорлық пен маскунемдіктің адам өміріне қауіптілігін насиҳаттайдын ақпарат беру және Республикалық СПИД орталығы қызметкерлерінің қатысуымен семинар ұйымдастыру	Семинар	Желтоқсан 2024ж.	Топ әдвайзері, Топ студенттері
4.2	Студенттер арасында Факультет көлемінде ұйымдастырылған спорттық	Спартакиада	Қыркүйек 2024 ж. Мамыр 2025ж.	

	оыйндарға қатысу			
V. КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ				
5.1	Оқытушылар мен студенттер арасында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған ақпараттық-насихаттау. Білімгерлерге арналған «Адалдық кодекс» туралы ақпаратты көнінен насихаттау.	Ағымдағы жұмыстар	Қантар 2025 ж Мамыр 2025 ж	Топ студенттері, Парасат орталығы
5.2	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен «Жемқорлық-індег, оны жоюміндег» тақырыбында дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	Мамыр 2025ж.	Декан орынбасары, топ эдвайзері
VI. АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ				
6.1	Тәрбие жұмысы мен ауқымды іс-шараларды жүйелі түрде БАҚ, газетіне жариялау, интернет желісіне, университет порталына орналастыру	Ақпараттық-насихат жұмыстары	Жыл бойы	Кафедра менгерушілері, топ эдвайзері, декан орынбасары
6.2	Студенттерге жатақхана ережесі мен тәртібін түсіндіру	Рейдтер жүргізу	Оку жыл бойы	Топ эдвайзері
6.3	Факультет көлемінде жұмыс атқаратын «Орда» студенттік клубтың іс-шараларына қатысу.	Жоспарлау Ұйымдастыру жұмыстары	Жыл бойы	Клуб жетекшілері, Топ студенттері
6.4	«Тұған жер» бағдарламасы аясында Түркістан қаласының тарихи, мәдени, туристтік аймақтарын қоқыстан тазарту, эко туризмді насихаттау.	Саяхат	Наурыз 2025ж.	«Орда» тарихи танымдық клубы, Топ студенттері

Атқарылған мәдени, тәрбиелік, қоғамдық іс-шаралар.

Топ тәлімгерлері топ журналын (Ф-ТБ-001/003) талапқа сай жасақтап 02.09.2024 факультет №1 хаттамасымен бекітілді. Оның ішінде білімгерлер тізімі, тақырыптық жоспар, білімгерлердің қосымша іс-шараларға қатысуы, мекен жайы қарастырылған.

Қыркүйек айында

1.1. 2024-2025 оку жылының топтағы тәрбие жұмысының жоспарын талданып, бекітілді.

1.2. Топтағы студенттердің жатақханага орналасу ережесіне сай жақатханага орналасуы қадағаланып, жатақхана регламентіне сай барлық талаптарды орындауды түсіндіріліп, пәтерде тұратын студенттердің толық мекен-жайын алынды.

1.3. Студенттік өзін өзі басқару жұмысы бойынша белсенді студенттер құрамы және жұмыс жоспары бекітілді.

1.4. Тәрбие жұмысын дамыту және жетілдіру шаралары ұйымдастырылды.

1.5. Топ студенттеріне «АЭС салу мәселесіне қатысты 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілетіні туралы» түсіндірмे жұмысы жүргізілді.

Қыркүйек айында тәрбие жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жатақханага мүктаж студенттердің жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Ата-анасынан айырылған тұл жетім студенттердің тізімі түзіліп, әлеуметтік жағдайлары анықталды.

ХҚТУ студенттерінің ар-намыс кодексімен, университеттің академиялық саясатымен, қызығушылығы бойынша үйрмелерге қатысу мүмкіндітерімен таныстырылды.

Қазан айында

2.1. «Құқықтық тәрбие негіздері» тақырыбы бойынша жастар арасындағы тәртіп мәселесіне байланысты, студенттің құқықтары мен міндеттері, тәртіп бұзушылық және ол үшін жауапкершілік шарапары түсіндірілді, шетелдік студенттердің Қазақстанда жүріп тұру ережелері айтылды.

2.2. №1,2,3 жатақханадағы факультет студенттерімен мәдени іс-шаралар мен кездесулер үйымдастырылды.

2.3. Бекзат Саттарханов ағамыздың 44 жылдық толуына орай еске алу сәтімен анысы Сырлықул апамыз берген студенттер арасында әңгіме сұқбат жүргізілді.

2.4. Тарих кафедрасының үйымдастыруымен «АРХЕОЛОГИЯ ГЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МАНЫЗДЫЛЫҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ СЕМИНАР өтті. Студенттер толық қатысып, мәліметтер алды.

2.5. 2024 ж. 22 қазан күні Мәдениет сарайының кіші залында "Абай даналығы - Кемел адам концепциясы" атты дәрісі үйымдастырылып, білімгерлер түгел қатысты.

2.6. Алтын адамды тауып әлемге танытқан Кемел Ақышевтың тұтынған заттары көрмесі келді. Мәдениет сарайына көрме көріп, дәріс тыңдады.

2.7. 28.10.2024 жылы AYU FEST іс-шарасы (1-2 курсарды студенттер қатарына қабылдау) өтті. Студенттер қатысты.

Қазан айында, студенттер болашақ тарихшы ретінде қаламыздағы мұражайларға барды. Сонымен қатар жас ескелең ұрпақтың тарихи санасын ояту және отансүйгіштік сезімін арттыру мақсатында «Тұған өлкемнің тарихы мен археологиялық ескерткіштері мен үшін маңызды» деген тақырыпта экскурсия үйымдастырылды

Қараша айында

3.1. №1,2,3 Жатақханаларды аралау, студенттердің тұрмыс-тіршілігі қадағаланды. Рейдтер жүргізілді.

3.2. 25 қараша күні Академиялық істер жөніндегі проректор Э.Идрисова ханым ХҚТУ студенттерінің ар-намыс кодексімен, университеттің академиялық саясатымен, адалдық кодексімен таныстырылды.

Қараша айында ғылыми практикалық конференцияға студенттердің қатысусы қадағаланды. Оларға студенттік практикаға қатысадың маңыздылығы түсіндірілді. Студенттердің екінші аралық бақылауға дайындығы тексерілді. Оқытушының Ayu portal-ға жүктеген бөж тақырыптарына байланысты өзіндік жұмысты дайындалған оны дер кезінде порталға салу керек екендігі айтылды. Сонымен қатар өткен сабактарды қайта шолу керек екендігі түсіндірілді. Бұл жұмыстардың емтиханда жоғары баға алуға себеп болатындығы ескертілді.

Желтоқсан айында

4.1. Қазақ халқының мақтанышы, әлемге әйгілі палуан Қажымұқан Мұңайтпасов туралы түсірілген тарихи “Қажымұқан” фильмінің ерекше көрсетілімі болып өтті. Орда клубының үйымдастырылуымен кейіпкерлер шақырылды.

4.2. Қыздар жатақханасының 261 бөлмесіндегі оқу залында «Тәуелсіздік бізге оңай келген жок» атты факультет арасында іс-шара үйымдастырылды.

4.3. Топ тәлімгері тарапына студенттерге жатақхана ережесі мен тәртібін түсіндіру мақсатында Рейдтер жүргізілді.

Желтоқсан айында аралық бақылау, емтихан сессия басталуына байланысты емтихан ережелерімен таныстырылды. Студенттердің екінші аралық бақылауға дайындығы тексерілді, емтиханға байланысты оқу бөлімі тарапынан ережелер түсіндірілді. Оқытушының Ayu portal-ға жүктеген бөж тақырыптарына байланысты өзіндік жұмысты дайындалған оны дер кезінде порталға салу керек екендігі түсіндірілді. Өткен сабактарды қайта шолу керек екендігі түсіндірілді. Бұл жұмыстардың емтиханда жоғары

бага алуға себеп болатындығы ескертілді. Сонымен қатар білімгерлерге ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында қолданылып жүрген заманауи әдіс-тәсілдердің барысымен таныстыру жұмыстары жүргізіліп, ғылыми ізденіске деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстары жүргізілді.

Кафедра менгерушісі:

Топ тәлімгерлері:

*Гульжан
С.Балык-
Алғаш
Ж.Дархан*

Примкулова Г.

Каттабекова Н.
Сыздықов Б.

Гурсой М.

Нурманова Ш.



